

Тасқала аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 18 ақпандағы N 12-4 "Тасқала ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 27 шілдедегі N 16-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 17 тамызда N 7-11-96 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 наурыздағы N 32-2 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2011.03.30 N 32-2 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Тасқала ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы N 12-4 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-90 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 20 наурыздағы аудандық "Екпін" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармағының 2 тармақшасындағы "Кеңес Одағының батырына" деген сөздер " Кеңес Одағы Батырының әйеліне" деген сөздермен өзгертілсін;

"50 000" деген сандар "25 000" деген сандармен өзгертілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Н.А.Шынбаев

Қ.Нұрмұханов